**ЦИКЛОГРАММА**

**I-апта (01.05.2023-05.05.2023 ж.)**

**Ортаңғы «Балапан» тобы**

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 01.05.2023ж** | **Сейсенбі 02.05.2023ж** | **Сәрсенбі 03.05.2023ж** | **Бейсенбі 04.05.2023ж** | **Жұма 05.05.2023ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Сәлеметсіндер ме, балалар?»**<br>Балаларды қабылдау<br>(Ата –аналармен әңгімелесу)<br>Ойындар (үстел үсті, саусақ т.б. | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Отан қорғаушылар туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.** | | | | |
| | **. 1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі мерекесі** | **Әңгімелесу.**<br>Қандай әскери түрлерін білесіндер?<br>Қазақстан Республикасының Қарулы күштері құрамына әр түрлі әскери түрлері кіреді.<br>-Жаяу әскер, танкистер, шекарашылар. | **Мақал-мәтел**<br>Батылдық, әскер, ерлік істер туралы.<br>Ердің туы-намыс.<br>Батыр туса-ел ырысы.<br>Ерлік – елдің қасиеті,<br>Жүректілік –жігіттің қасиеті. | **7 мамыр - Отан қорғаушылар күні** | **9 мамыр - Жеңіс күні (демалыс күні дүйсенбіден 11 мамырдан, 8 мамыр жұмаға ауыстырылды)** |
| Таңертеңгі дене шынықтыру | **Таңертеңгі жаттығулар кешені** №2.Құралмен 5-6минут<br>**Мақсаты:**Қимыл- қозғалыс жаттығуларды күн сайын жасауға тәрбиелеу | | | | |
| Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
| | | Өзімді өзім жақтаймын<br>Денсаулықты сақтаймын. | Бір ата, бір ананың түлегіміз,<br>Бір болсын қайда жүрсек тілегіміз. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Жүректен жылы соншама<br><br>Баршаға саулық тілейміз. | Бірлік барда тірлік бар, деген бабам,<br>Бірлікпен бірге соқсын жүрегіміз | | |
| **«Ойнайықта та, ойлайық»**<br>Ұйымдастырылған оқу қызметтері<br><br>(Үзілісті қосқандағы жалпы ұзақтығы. | | **Сөйлеуді дамыту.**<br>**Тақырыбы:** «Өзінің отбасы туралы әңгімеле»<br>**Мақсаты:** Балаларға отбасы туралы түсінік беру, өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. Ойын арқылы есте сақтау қабілетін, қарым қатынас дағдыларын, сөздік қорын байытып және тіл байлығын дамыту. Отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын «Шарды үрле»**<br>**Мақсаты:** Балаларды сөйлеу барысында дұрыс тыныс алуға үйрету.<br><br>**Ойынның құрал-жабдықтары:** шарлар. | **Математика негіздері.**<br><br>**Тақырыбы:** Ұзын – қысқа. Кең – тар. Қалың – жұқа. Биік – аласа.<br>**Мақсаты:** Заттардыдың биіктігі мен қалыңдығы туралы түсінік қалыптастыру және оларды салыстыруды үйрету,заттарды көзбен,бірінің үстіне бірін қою,бастыру арқылы салыстыру.<br><br>**Үстель үсті ойын: «Таныс пішіндер доминосы»**<br>Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; | | |